БӨРЛІ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ БУРЛИНСКОГО РАЙОНА

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

«08» желтоқсан 2025ж. № 465

Ақсай қ.

Жергілікті атқарушы органының шұғыл шығындарға арналған резервінен қаржы бөлу туралы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет Кодексін және 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Бөрлі аудандық төтенше жағдайлардың алдын-алу комиссиясының 2025 жылғы 9 қарашадағы № 7 хаттамасы мен Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің 2025 жылғы 3 желтоқсандағы № 1-25/438 хаты негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бөрлі ауданы Бөрлі ауылында терендігі 18 метр суға екі барлау-пайдалану ұңғымасын қалпына келтіру үшін жергілікті атқарушы органының резервінен 5 217 500 (бес миллион екі жүз он жеті мың бес жүз) теңге сомасындағы қаражат «Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне бөлінсін.

2. Бөрлі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі хаттаманың 2.1 тармағына сай тиісті шараларды алсын.

3. «Бөрлі ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Г.Шамғонова) осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Имашевқа жүктелсін.

Аудан әкімі **Е.Ихсанов**